

*Д. А. УАҚАСОВ, ҚР ИМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАҢДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
ҚЫЛМЫСТАРДЫ АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ КАФЕДРАСЫ БАСТЫҒЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, ЗАҢ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ*

ҚЫЛМЫСТАРДЫ АЛДЫН АЛА ТЕРГЕУ БАРЫСЫҢДА АЙМАҚТАРДЫ, БӨЛМЕЛЕРДІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ҒИМАРАТТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Аймақтарды, бөлмелерді және басқа да ғимараттарды зерттеу — бұл оқиға болған жерден тыс орналасқан қылмыс іздері мен басқа да маңызды объектілерді — жедел көңіл бөлінетін ақпарат қайнар көздерін анықтауға, табуға бағытталған қарау мен тексеру.

В. П. Лавров пен В. Е. Сидоровтың пайымдауынша, «қарап өту», «тексеріп өту» оқиға болған жерге жақын орналасқан аймақтарда жүзеге асырылады¹. Әрбір жағдайда, әр істің өзіндік ерекшелігіне байланысты, зерттеу міндеттері қалыптасқан жағдайдың сипатымен, оқиға болған жердің өзіндік ерекшеліктерімен және басқа да маңызды жағдайлардың кешенімен анықталады. Сонымен, аймақтарды, бөлмелерді және басқа да ғимараттарды зерттеудің міндеттеріне мыналарды жатқызуға болады: қылмыстың іздерін (аяқ іздері, аяқ киім іздері, шылым қалдықтары) және басқа дәлелдемелерді іздеу; қылмыскердің, жәбірленушінің және басқа да тұлғалардың қозғалыс бағытын анықтау; қылмыстық іс бойынша құрылған тергеу, жедел-ізвестіру және жиі кездесетін іздеу болжамдарын тексеру; жеке тергеу іс-қимылдарын және басқа да іздеу шараларын болжамды түрде жүргізу орындарын анықтау; оқиға болған жермен сәйкес келмеген кезде, қылмыс жасалған жерді іздеу; жәбірленушілер көрсете алмаған кезде, оқиға болған жерді іздеу; әртүрлі объектілерді іздеу (мәйіттер, мәйіттердің бөлшектері, көлік құралдары, ұрланған заттар мен қылмыскерлердің қарулары жасырылған жерлер және т. б.)-

Зерттеумен байланысты жүзеге асырылатын шаралар қылмыстың мән-жайлары бойынша тергеу іс-қимылдарының жүргізілуіне дейін, олармен қатар немесе олардан кейін, сонымен қатар анықталған жергілікті аумақты, бөлмені, аймақты қарау мен тексеру қажеттілігі туындаған жағдайларда да жүргізіледі. Зерттеу шаралары жаңа мәліметтердің келіп түсуінен туындаған жағдайларға байланысты, өзінің қажеттілігіне қарай, қылмыстық істің кез келген кезеңінде жүргізілуі мүмкін. А. Н. Протопонов оқиға болған жерден тыс орналасқан аймақтарды, бөлмелерді және басқа да ғимараттарды зерттеуді ұйымдастыру мен жүзеге асыру сол төңіректе кең көлемді (жалпыланған) іздеу шараларын жүргізуді талап ететінін қажетті деңгейде қарастырған².

Зерттеудің аймақтары мен объектілері ашық жерлер, бөлмелер мен басқа да аймақтар болып табылуы мүмкін. Ашық жерлер³ тұрғылықты жерлердің ішінде, оларға жақын немесе олардан маңызды қашықтықта орналасуы мүмкін. Оларға орманды-саябақты және сулы аймақтарды (көлдер, өзендер, арықтар) жатқызуға болады.

Бөлмелер өздерінің ішінде адамдар қоныстанған және қоныстанбаған деп санатталуы мүмкін. Біріншілерін, олардың мақсаттарына қарай тұрғын, кәсіпорындық, қоғамды-мәдениеттік және бір қызметте қосымша рөл атқаратын бөлмелер деп бөлуге болады. Қоныстанбаған бөлмелер — бұл құрылушы, жөнделуші, қалдырылған, бөлшектенілуші ғимараттар мен құрылымдар, сонымен қатар, басқа да қолданысы төмен бөлмелер (үй астылар, шатырлар, қора-сарайлар). Жедел-тергеу тәжірибесінде жерлер мен бөлмелерді және басқа да аймақтарды зерттеудің алғашқы, қайталай және қосымша түрлері кездесіп тұрады. Аймақты немесе басқа да объектілерді зерттеу, кейбір себептерге байланысты, сапасыз жүргізілген жағдайда, қайталай зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатты болып табылады. Бұнда тергеуші қайтадан «тексеріп өтуді» немесе тексеруді ұйымдастыруға міндетті.

Аумақты (жерлерді, бөлмелерді және басқа да объектілерді) зерттеу жалпылай әдіспен жүзеге асырылады, бүкіл аймақ (жер), бөлме немесе басқа да аумақ қаралады немесе зерттеу аумағында орналасқан объектілер бөлшектелініп, жеке түрде зерттеледі.

Егер жерлердің, бөлмелердің және басқа да аумақтардың жеке бөлшектері зерттелмей қалған болса, онда қосымша зерттеу жүргізген дұрыс. Оны жүзеге асыруда таңдамалы әдісті қолданған жөн.

Аймақты немесе объектіні зерттеу жекеленген бөліктерде жүзеге асырылатын кезде (таңдаулы әдіс) және іздеу объектілері табылып қалуы мүмкін жағдайларда, іздеу жоспарларында эксцентрикалық тәсілді (бұл тәсіл оқиға болған жерді қарауда қолданылады) немесе субъективті әдісті (бұл әдіс қылмыскердің қозғалысының болжамды бағытын қараудан тұрады) қолданған жөн⁴.

Жұмыс нәтижелері бойынша анықтама (қылмыстың ашылуына нақты тұрғыда әсер ететін нәтижелер алынбаған жағдайларда, жасалған қылмысты ашу мақсатында жүзеге асырылған шаралар тізімі және атқарылған жұмыстың нәтижелері туралы хабардар етеді) немесе мәлімдеме (атқарылған қызметтің нәтижесінде жасалған қылмыс нақты ашылған немесе жедел көңіл бөлінетін ақпарат алынған жағдайларда, жүзеге асырылған шаралардың және қолданылған әдіс-тәсілдердің сипаттамасы баяндалады) толық нысанда толтырады. Бұл құжаттарда келесі маңызды жағдайлар көрініс табуы тиіс: зерттеудің аумағы немесе объектісі, жүргізілген күні, уақыты; іздеу шарасына қатысушылардың саны; қойылған міндеттер; табылуға тиісті объектілер; алынған нәтижелер мен олардың процессуалдық тұрғыда құжатталуы. Сонымен қатар, фото, видео, кинотүсірілімдер, кестелер мен жоспарлар және қосымша (бөлшектенген, таңдаулы) тексеруді талап ететін басқа да ақпараттар енуі мүмкін.

¹ Лавров В. П., Сидоров В. Е. Расследование преступлений по «горячим» следам. — М., 1989. — 23-6.

² Протопонов А. Н. Проблемы первоначального этапа расследования умышленных убийств в условиях большого города: дис. ...канд. юрид. наук. — М., 1987. — 125-126-66.

³ Криминалистика / под ред. Н. П. Яблокова, В. Я. Колдина. — М., 1990. — 249-6.

⁴ Криминалистика. — М., 1980. 85-6.